



НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДА НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША БЕЙНЕРОЛИКТЕР КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

- 1.1.** Осы Ереже Нұр-Сұлтан қаласының жастары арасында нашақорлықтың алдын алу бойынша бейнероликтер байқауының мақсатын және міндеттерін, өткізу тәртіптері мен шарттарын анықтайды.
- 1.2.** Байқау Нұр-Сұлтан қаласының жастары арасында нашақорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені аясында өткізіледі.
- 1.3.** Байқауды ұйымдастырушылар: «Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» және «Қазақстан Жастарының Конвенті» жеке қоры.
- 1.4.** Ұйымдастырушылар байқау қатысушылары мен жеңімпаз туралы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялауды қамтамасыз етеді.

Байқаудың сипаттамасы

Байқау 2 номинация бойынша өтеді:

1. «Ең үздік вайн, скеч, пародия, клип, анимациялық бейне, тик-ток»

2. «Ең жақсы әлеуметтік ролик, бейнеарт, вирустық ролик»

Конкурстың талаптарына сәйкес қатысушылар өздерінің бейнероликтерін жасау және іске асыру қажет болып табылады. Қазылар алқасының шешімінің нәтижесі бойынша үздік болып танылған бейнероликтер анықталады. Байқау жеңімпаздары ұйымдастырушылардан әр номинация бойынша ақшалай сыйлықтарға ие болады:

1 орын - 300.000 теңге

2 орын - 250.000 теңге

3 орын - 200.000 теңге

Арнайы 2 үздік бейнероликке 25 000 теңгеден беріледі.

Байқаудың өзектілігі: үздік бейнероликтерді анықтауға арналған бұл байқау, елдегі нашақорлықтың алдын алуға және оны болдырмауға қарсы жастар арасында үгіт насихатқа бағытталатын болады.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1.** Нашақорлықтың төмендеуіне әсер ету;
- 2.2.** Салауатты және қауіпсіз өмір салтының басымдықтарын қалыптастыру;
- 2.3.** Нашақорлықпен күрес қауіпсіз шешім екенін түсіндіру;

- 2.4. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды қолдау;
2.5. Ой-өрісін кеңейту, эстетикалық талғамды, қойылған міндеттерді шешуге шығармашылық көзқарасты дамыту;

3. ӨТІНІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ

- 3.1. Байқау 2021 жылдың 30 қараша мен 9 желтоқсан аралығында Нұр-Сұлтан қаласында өткізіледі;
3.2. Қатысушы бейнероликті **9 желтоқсан айының дейін** әзірлеп, **NUR-SULTAN KONKURS 2021@MAIL.RU** электрондық поштасына жіберу керек;
3.3. Байқауға Нұр-Сұлтан қаласының 14-29 жас аралығындағы барлық жастары қатыса алады.

4. БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ

- 4.1. Байқауға қатысу үшін қалаған номинация бойынша бейнеролик түсіру қажет;
4.2. Байқауға қатысу үшін байқаудың мақсаты мен міндетінде қойылған талаптарға сәйкес бейнеролик дайындау қажет және осы Ережемен бекітілген мерзімнен кешіктірмей ұйымдастыру алқасына өтінім жолдауы тиіс. Өтінім жолдау барысында қатысушы осы ережемен келісетіндігін растайды;

Бейнероликке қойылатын талаптар:

Тақырыбы: жастар арасында нашақорлыққа қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Формат – еркін;

Ең төменгі бейне ажыратымдылығы – 480x360 (4х3).

Бейнероликтің максималды ұзақтығы – 2 минуттан аспауы тиіс;

Бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды қолдану – қатысушының қалауы бойынша таңдалады;

4.4. Қатысушылар бейнеролик жанрын өздері анықтайды (*сұхбат, репортаж, бейнеклип және т. б.*);

4.5. Байқауға басқа адамдардың қадір-қасиетін және сезімдерін қорлайтын жарнамалық сипаттағы роликтер, сондай-ақ, байқау тақырыбына сәйкес келмейтін зорлық-зомбылық, нәсілшілдік, тыйым салынған әрекеттерді насихаттау көріністерін қамтитын роликтер қабылданбайды;

4.6. Байқауға тек берілген тақырыптағы авторлық жұмыстар қабылданады, байқау қатысушысына тиесілі емес жұмыстар қабылданбайды.

4.7. Байқаудың қазылар мүшесі қатысушыларды бағалау кезінде ескереді:

- бейнероликтің байқау тақырыбына сәйкес келуі;
- шығармашылық жаңалық;
- ерекшелік;
- бейне түсірілімнің, дыбыспен сүйемелдеудің болуы;
- жалпы эмоциялық қабылдануы.

4.8. Байқау қатысушысы әзірлеген бейнероликті ортақ хештегтерді «NS jastary esirtkige qarsy» және «Esirtkige jol joq» пайдаланып, Instagram, Facebook, Tik-Tok және тағыда басқа әлеметтік желілер парақшаларына жариялап, кеңінен тарату қажет.

4.9. Жұмыстың авторлық құқықтарының сақталуына автордың өзі (қатысушы) жауап береді.

4.10. Автор байқауға жіберген жұмыстарын автоматты түрде ұйымдастырушыларға қолдануға құқық береді (интернет желісіне, телебағдарламаларға жариялау, шығармашылық жобаларға қатысу және т.б.).

4.11. Қажет болған жағдайда, байқау ұйымдастырушылары автордан бейнероликтің түпнұсқасын сұрата алады;

5. ҚОРЫТЫНДЫ МАРАПАТТАУ

5.1. Байқау жеңімпаздары 13 желтоқсанда салтанатты түрде дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталады. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаз туралы ақпарат NS_jastary ресми Инстаграмм парақшасында және сайтында жарияланады.